**БЕКІТЕМІН**
**«ОҚМА» АҚ ректоры**
**_______ М. Рысбеков**
**«___»___ ___2023 ж.**

# («ОҚМА» АҚ ПРОФЕССОРЫ)
# АТАҒЫ ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ

**Е 044/402-2023**

| Күні | Көшірме | Басылым |
|---|---|---|
| | | Екінші |

**Шымкент**

1. **«ОҚМА» АҚ** Ғылыми Кеңеспен Әзірлеп, колданыска **ЕНГІЗІЛДІ.**

Хаттама №5 «28» 12 2022ж.

2. **ОҚМА» АҚ** Сапа бойынша Кеңестің шешімімен **КЕЛІСІЛДІ.**

Хаттама №3 «09» 01 2023ж.

3 **«ОҚМА» АҚ** Ғылыми Кеңес шешімімен **БЕКІТІЛДІ.**

Хаттама №7 «27» 01 2023ж.

Кезеңдік тексеру мерзімі - 3 жыл

# МАЗМҰНЫ


1. Жалпы ереже 4
2. Терминдер, анықтамалар, белгілер және қысқартулар 4
3. Ғылыми атақ берудің құқықтары мен реті 5
4. «ОҚМА Профессоры» міндетті 5
5. «ОҚМА Профессоры» құқылы 6

# 1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕ

«ОҚМА профессоры» атағы «Оңтүстік Қазақстан медициналық академиясы» акционерлік қоғамының (бұдан әрі – «ОҚМА» АҚ) Ғылыми кеңестің шешімімен ғылым мен білімнің дамуына елеулі әсерін тигізген, халықаралық дәреженің өсуіне ықпал еткен ғылыми-педагогикалық қызметтегі ерекше жетістіктері үшін жылына 2 рет беріледі.

1.1. «ОҚМА профессоры» атағы академияда ғылыми - педагогикалық жұмыста 10 жылдан кем емес еңбек өтілі бар ғылыми дәрежесі, доцент атағы, немесе қауымдастырылған профессор дәрежесі бар білікті мамандарға берілуі тиіс.

1.2. «ОҚМА профессоры» атағына үміткер тұлға мынадай талаптарға сәйкес келуі тиіс:

1) Диссертация қорғағаннан кейін, кемінде 30 ғылыми мақала (тезистер емес), оның ішінде уәкілетті орган ұсынған басылымдарда 20 ғылыми мақала, шет мемлекеттердің ғылыми басылымдарында кемінде 5 (бес), шет мемлекеттердің ғылыми басылымдарында, шетелдік халықаралық конференциялар материалдарында кемінде 3 (үш) баяндама жарияланған болуы тиіс;

2) Ғылыми Кеңесі ұсынған монографиялар (кемінде соңғы 10 жылда 6 баспа парақ) болмаса Ғылыми Кеңесте ұсынылған немесе республикалық оқу әдістемелік кеңесінде бекітілген, соңғы 5 жылда кемінде 6 баспа парақ жеке жазылған оқулық (оқу-әдістемелік құрал) (оқу процесінде кемінде 1 оқу жылы пайдаланылған болуы тиіс), немесе оның басшылығымен қорғаған магистрлік дәрежесі бар 3 тұлғаның болуы тиіс.

1.3. Құрметті атақ алу ережесі өзінің қызметінде Қазақстан Республикасының қазіргі заңнамасымен, нормативтік ұйымдық-өкімдік ҚР Денсаулық Сақтау Министрлігімен және ҚР Ғылым және Жоғарғы Білім Министрлігімен, «ОҚМА АҚ жарғысында, ішкі нормативтік құжаттарымен, сондай-ақ осы ережеге (әрі қарай- Ереже) сәйкес жүзеге асырылады.

# 2. ТЕРМИНДЕР, АНЫҚТАМАЛАР ЖӘНЕ ҚЫСҚАРТУЛАР

Осы құжатта келесі терминдер, анықтамалар, белгілеулер мен қысқартулар қолданылады:

«ОҚМА» АҚ - Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы,

ҚР – Қазақстан Республикасы,

ҒЖБМ - Ғылым және жоғарғы білім министрлігі,

жоо - жоғарғы оқу орны.

## 3. ҒЫЛЫМИ АТАҚ БЕРУДІҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН РЕТІ:

3.1. «ОҚМА профессоры» атағы кандидатурасының ұсыну бастама мен құқығын жоғарылату ректоратқа, факультет кеңесіне, кафедраларға және «ОҚМА» АҚ ғылыми зертханаларына тиесілі.

3.2. «ОҚМА профессоры» атағын беру туралы шешім «ОҚМА» АҚ Ғылыми Кеңес құрамының қарапайым көпшілік дауысымен қабылданады. Ғылыми кеңестің шешімін ректор бекітеді.

3.3. Кандидатқа «ОҚМА профессоры» атағын беру дипломы «ОҚМА» АҚ Ғылыми Кеңесі салтанатты рәсімінде белгіленген Кеңес үлгісінде тапсырылады.

3.4. «ОҚМА профессоры» атағына лайық тұлғалар мәліметі «ОҚМА» АҚ мұражайында сақталатын «ОҚМА профессоры» кітабына енгізіледі.

## 4. «ОҚМА ПРОФЕССОРЫ» МІНДЕТТІ:

4.1. Оқу әдістемелік жұмыстың жетекшілік жасайтын пәндері бойынша жоспарлауды жүзеге асыру, ұйымдастыру және бақылау.

4.2. Кафедра бейіні бойынша, ғылыми немесе ғылыми-зерттеу жұмыстарды ұйымдастыру немесе басқару.

4.3. Кәсіби білім беру сұрақтары бойынша ғылыми - әдістемелік жұмыстарға қатысу.

4.4. Жетекшілік жасайтын пәндер бойынша дәріс оқу.

4.5. Кафедра оқытушылары жетекшілік ететін пәндер бойынша жүргізетін оқу сабақтарының барлық түрлерінің және бақылаудың барлық нысандарының сапасын бақылауды жүзеге асыру.

4.6. Жұмыс бағдарламаларын әзірлеу немесе жетекшілік ететін жұмыс бағдарламаларын әзірлеуге басшылық жасау.

4.7. «ОҚМА» АҚ кафедра құрамының әдістемелік комиссия құрамындағы мамандық бойынша немесе факультетінің ғылыми әдістемелік кеңесіндегі ғылыми әдістемелік жұмысқа жеке қатысу.

4.8. Жетекшілік ететін пәндердің әдістемелік қамтамасыз етілуін бақылау.

4.9. Жетекшілік ететін пәндер бойынша оқулықтар, оқу құралдары, дәріс конспектілері, әдістемелік нұсқаулардың және басқа да әдістемелік материалдардың дайындалуын қадағалау және олардың баспаға дайындалуын қадағалау.

4.10. Кафедрадағы білім алушылардың ғылыми - зерттеу жұмыстарын, білім алушылардың ғылыми қоғамын ұйымдастыру және басқару.

4.11. Кафедраның ғылыми-педагогикалық қызметкерлерінің біліктіліктерін арттыруына қатысу, жас мамандарға педагогикалық шеберлікті және кәсіби дағдыларын меңгеруіне әдістемелік көмек көрсету.

4.12. Ғылыми-педагогикалық мамандарды кафедра бейіні бойынша дайындауға басшылық ету.

4.13. Білім алушылардың өзіндік жұмыстарына жетекшілік жасайтын пәндері бойынша, ұйымдастыру және жоспарлау.

## 5«ОҚМА ПРОФЕССОРЫ» ҚҰҚЫЛЫ:

– «ОҚМА» АҚ Ғылыми Кеңесінің отырысына кеңесші дауыс беру құқығымен қатысуға;

– жоо-ның қызметін жетілдіру бойынша ұсыныстар енгізуге;

– ОҚМА АҚ өткізілетін конференцияларға, семинарларға, симпозиумдарға және басқа да іс-шараларға қатысуға.

**Әзірлеген:**

| Қызметі | Аты-жөні | Күні | Қолы |
|---|---|---|---|
| Ғылыми хатшы | Б.Т.Сейтханова | 28.12.2022 | [signature] |

**Тексерген:**

| Қызметі | Аты-жөні | Күні | Қолы |
|---|---|---|---|
| Кадрлық қызмет бөлімінің меңгерушісі | Г.Л.Елеусизова | 04.01.23 | [signature] |
| Сапаны қамтамасыз ету және мониторинг бөлімінің меңгерушісі | Н.А.Ержанов | 04.01.23 | [signature] |

**Келісілген:**

| Қызметі | Аты-жөні | Күні | Қолы |
|---|---|---|---|
| Бірінші проректор | М.М.Есіркепов | 13.01.23 | [signature] |
| Қаржы және шаруашылық жөніндегі проректор | Ж.С.Сейтжанова | 16.01.23 | [signature] |
| Оқу әдістемелік және тәрбие жұмыстары жөніндегі проректор | М.У.Анартаева | 13.01.23. | [signature] |
| Әкімшілік және құқықтық қамтамасыз ету басқармасының басшысы | О.А.Кабиштаев | 13.01.23. | [signature] |